



№8 (13) ТАМЫЗ 2017

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

БАСҚАРМАЛАРДАҒЫ БАСҚОСУЛАРДА КОМПАНИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ ТАЛДАНДЫ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ БАРЛЫҚ БАСҚАРМАЛАРДЫҢ ИНЖЕНЕР-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БАСҚОСУЛАРДА ТОЛЫҚТАЙ ТАЛДАНДЫ. КОМПАНИЯНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ БЕКЗАТ АБАЙЫЛДАНОВ 16 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. БІР АПТАҒА СОЗЫЛҒАН ЖИЫНДАРДА КӘСІПОРЫННЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕН, 2015, 2016 ЖЫЛДАР ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛДЫҢ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫ БОЙЫНША МҰНАЙ ӨНДІРІСІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕРДЕН, ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША ШЕШІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕРДЕН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛДАН АҚПАРАТ БЕРІЛДІ. АЛДАҒЫ АТҚАРЫЛУҒА ТИІСТІ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ. «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ-ҒА «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БӨ» АҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕГІ ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТА КӨРСЕТІЛГЕН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ АЙТЫЛДЫ.



«Басқосу жиындарын инженер-техникалық қызметкерлер ретінде Сіздерден бастап отырмыз. Алда цехтарға барып, жұмысшылармен де кездесеміз. Жалпы қай жердеміз? Қандай өндірістік көрсеткіштеріміз бар? Алға қойған қандай жұмыстарымыз бар? Бүгінгі таңда мұнай өндіру көрсеткіші бойынша нәтижеміз төмен яғни соңғы жылдарда Қоғам жоспарды орындай ал-

май келеді. Бұл тығырықтан қалай шығамыз? Осы мәселерді талқылайық деп жиынды өткізіп отырмыз», – деді бас директор Б.Абайылданов.

Кездесуде бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Есен Өтеев, бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров және әр басқарманың басшылары сөз



алып, кәсіпорынның тыныс-тіршілігі туралы айтып өтті.

Жиын кезінде туындаған қызметкерлердің сұрақтарына құзырлы департаменттер директорлары жауап беріп отырды.



«Өзенмұнайгаз» АҚ-НЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ 2018-2020 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАРЫ

1. Өндірістік-техникалық көрсеткіштер
2. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер
3. Әлеуметтік мәселелер бойынша ақпарат
4. Аса маңызды стратегиялық жобалар





ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Бекзат Абайылданов –
«Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры:

«Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша өткен екі жыл мен биылғы жарты жылдың қорытындысын ұсынып отырмыз. Атап айтар болсақ, 2015 жылы 5 510 420 тонна мұнай өндірілді. 2016 жылы 5 554 975 тонна «қара алтын» алдық, 2017 жылға жоспарымыз – 5 820 170 тонна. Алайда 6 айдың қорытындысымен есептесек, нақты мұнай өндіру көрсеткіші – 2 703 017 тонна. Бұл жоспардан 61 983 тоннаға аз болып отыр. Ал 2015, 2016 жылдардың жарты жылдық нақты көрсеткішімен салыстырсақ, ол да едәуір төмен. Мұнай өндіруші мекеме болғандықтан біздегі мақсат – мұнай өндіру көлемінің көрсеткіші. Сондықтан жоспарлы межеге жетуіміз керек.

2015-2016 жылдардың және 2017ж. 6 айы бойынша негізгі көрсеткіштердің орындалысы

Көрсеткіштер	өлшем бірлік	нақты 2015 ж.	нақты 2016 ж.	жоспар 2017 ж.	2017ж. 6 ай бойынша			
					жоспар	нақты	ауытқу	%
Мұнай өндіру	мың.тн.	5 510,420	5 554,975	5 820,170	2 765,00	2 703,17	-61,83	98%
Мұнай тапсыру	мың.тн.	5488,084	5552,750	5 810,184	2 760,31	2 704,79	-55,53	98%
Қабатқа су айдау	мың.м ³	61 815	63 198	60 994	30 249	28 839	-1 410	95%
Бұрғылау	скв. саны	192	156	105	54	56	2	104%
	мың.тн.	365,971	313,774	225,643	54,830	55,794	0,964	102%
Соның ішінде бұрғылау мен ҚСАЖ	скв. саны	25	48	66	36	40	4	111%
	мың.тн.	46,023	79,026	149,924	36,822	32,707	-4,115	89%
Қозғалыссыз қордан шығу	скв. саны	29	37	73	11	16	5	145%
	мың.тн.	14,631	12,942	13,276	1,641	3,378	1,737	206%
Қозғалыстағы қордағы ҚСАЖ	скв. саны	75	96	143	34	68	34	200%
	мың.тн.	85,579	116,501	296,543	34,985	50,648	15,663	145%
КЖЖ (КРС)	скв. саны	867	888	720	237	284	47	120%
	мың.тн.	302,847	258,894	169,585	55,795	61,436	5,641	110%
Перфорациялық жұмыстар	скв. саны	704	731	480	244	417	173	171%
	мың.тн.	104,745	106,907	60,351	15,389	38,190	22,801	248%

2015-2017жылдардың жарты жылдылығы бойынша негізгі көрсеткіштердің орындалысы


Көрсеткіштер	өлшем бірлік	2015 жылдың 6 айы бойынша	2016 жылдың 6 айы бойынша	2017 жылдың 6 айы бойынша	2017-2015 жж. ауытқу		2017-2016 жж. ауытқу	
					мың.тн.	%	мың.тн.	%
Мұнай өндіру	мың.тн.	2 721,50	2 779,38	2 703,17	-18,33	99,33	-76,21	97,3
Мұнай тапсыру	мың.тн.	2 716,88	2 773,39	2 704,79	-12,09	99,55	-68,60	97,5
Қабатқа су айдау	мың.м ³	31383	31558	28839	-2 544,00	91,89	-2 719,00	91,4
Бұрғылау	Скв саны.	113	91	56	-57	49,56	-35	61,5
	мың.тн.	102,749	105,398	55,794	-46,96	54,30	-49,60	52,9
Қозғалыссыз қордан шығу	Скв саны.	14	16	16	2	114,29	0	100,0
	мың.тн.	4,144	1,213	3,378	-0,77	81,52	2,17	278,5
Қозғалыстағы қордағы ҚСАЖ	Скв саны.	37	67	68	31	183,78	1	101,5
	мың.тн.	18,718	37,104	50,648	31,93	270,58	13,54	136,5
КЖЖ (КРС)	Скв саны.	458	466	406	-52	88,65	-60	87,1
	мың.тн.	84,76	77,345	61,436	-23,32	72,48	-15,91	79,4
Перфорациялық жұмыстар	Скв саны.	372	316	417	45	112,10	101	132,0
	мың.тн.	22,424	27,938	38,529	16,11	171,82	10,59	137,9





ҚАРЖЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қазақстан бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның мұнай өндіру үлесі 2014 жылы – 7%, 2015 жылы - 7%, 2016 жылы - 7% болса, биыл осы көрсеткіштер төмендеп, 6%-ды құрап отыр. 2017 жылдың алты айының қорытындысы бойынша мұнай өндіру көрсеткіші жоспардан 61 830 тоннаға кем орындалып отыр. Пайыздық көрсеткішпен 98%. Жоспардың орындалмауының басты себебі ағымдағы скважиналар қорынан өндірілетін өнім жоспарының орындалмауы болып отыр. Бүгінгі таңда мұнай өндіру көлемі 2015 жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда 18 330 тоннаға кем, 2016 жылмен салыстырғанда 76 210 тоннаға кем орындалуда яғни соңғы екі жылдағы нақты көрсеткішке жете алмай отырмыз. Мұнай өндіру көлемінің орындалмауы және қазіргі мұнай бағамдарының әлемдік нарықта тұрақтанбауы – «Өзенмұнайгаз» АҚ үшін басты мәселелердің бірі. Себебі, 2013-2016 жылдар аралығында «Өзенмұнайгаз» АҚ таза ақшалай кірісі бар болғаны 6 млрд. теңгені құрады, бұл көрсеткіш шамамен компания табысының 0,3% құрайды.



ӨМГ АҚ таза ақша ағыны және ҚМГ БӨ АҚ қаржылай көмегі, млрд тг

Көрсеткіштер	нақты				жоспар					Барлығы
	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	
ӨМГ АҚ таза ақша ағыны	-6	31	-52	34	-45	7	-16	29	29	9
ҚМГ БӨ АҚ қаржылай көмегі	0	0	37	17	36	2	14	0	0	106
ҚМГ БӨ АҚ еншілес мекемелерін қаржыландыру	14	5	11	8	17	15	17	17	17	119
Брент бағасы, долл/барр	108	99	52	44	45	50	50	60	60	
ӨМГ АҚ мұнай өндіру көлемі, мың тонна	5 208	5 328	5 510	5 555	5 820	5 910	6 025	6 100	6 200	




- Ішкі нарыққа шикі мұнайды сатудың нарықтық бағасы орнатылды;
 - Қосымша құн салығы мүмкіндіктері толығымен пайдаланылды;
 - Пайдалы қазбаларды өндіру салығының жеңілдігін тұрақты алуға қатысты мәселе қазіргі уақытта жұмыс жасалып жатыр. Жеңілдікті алған жағдайда Кеңдірлі аумағында су тұщыту зауытын салу жұмыстары жоспарланған.

Көрсеткіштер	Қолдаулар	2015 (нақты)	2016 (нақты)	2017 (жоспар)	2017 6-ай (нақты)
Таза ақша ағыны, оның ішінде:		-52	34	6	19
Ішкі нарықтағы мұнай бағасының өсуі	(ҚМГ БӨ, ҚМГ ҰҚ)	0	72	6	6
Пайдалы қазба салығын жеңілдету	(ҚМГ БӨ, ҚМГ ҰҚ ҚР Үкімет қолдауымен)	0	14	0	0
Қосымша құн салығының қайтарулы	(ҚМГ БӨ, ҚМГ ҰҚ ҚР Үкімет қолдауымен)	0	14	26	15
Жоғарыдағыны қоспағандағы таза ақша ағыны		-52	-67	-26	-2
Мұнай өндіру көлемі, мың тонна		5 510	5 555	5 820	2 703



Мұнай өндіру шығындары (лифтингтік шығындар)



Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	2013 (нақты)	2014 (нақты)	2015 (нақты)	2016 (нақты)	2017 (жоспар)	2018 (жоспар)	2019 (жоспар)	2020 (жоспар)	2021 (жоспар)
Барлық шығындар, оның ішінде:	млрд. теңге	423	454	367	359	497	495	540	582	596
Мұнай өндіру шығындары (лифтинг шығындар)	млрд. теңге	98	125	130	139	164	166	175	180	186
Бақылауда тұрған шығындар	млрд. теңге	25	26	21	26	42	37	39	39	39
Бақылауда тұрған шығындардың үлесі	%	6%	6%	6%	7%	8%	8%	7%	7%	6%

Еңбекақы төлеу бойынша шешілген өзекті мәселелер

«ҚМГ» БӨ» АҚ басшылығы ұнғымалардың ашық сағасында жұмыс жасайтын жұмысшыларға ғана кезекті еңбек демалыстарына қосымша 12 күн белгілеуді ұсынды.



21.05.2017ж. хаттаманың шешіміне сәйкес ұнғымалардың ашық сағасында жұмыс жасайтын жұмысшыларға жылдық еңбек демалыстарына қосымша 12 (он екі) күн 01.01.2017ж. мерзімге қайта есептеліп берілуде.
Қажетті сомасы 343 900 мың тт.

Трубовоз және КМУ қондырғысы бар арнаулы көлік жүргізушілеріне қосымша ақы төлеу сұралды.




27.01.2017ж. хаттамалық шешімге байланысты тарифтік ставкаға қосымша ақы 01.02.2017ж. бастап жүргізілуде.
2017ж. жұмсалатын жылдық сомасы 42 246 мың тт. құрайды.
10.04.2017ж. хаттамалық шешімге сәйкес тарифтік ставкаға қосымша ақы 10.04.2017ж. бастап жүргізілуде.
2017ж. жұмсалатын жылдық сомасы 15 142 мың тт. құрайды.

Ай сайынғы мұнай өндіру жоспарының орындалмауына сәйкес АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне берілетін ағымдағы сыйлықақы мұнайдың өндіру көлеміне тепе-тең (пропорционально) мөлшеріндегі төлем жүргізіледі (орташа **31,9 %**), бірақ Ереже тәртібі бойынша айлық тарифтің (лауазамдық еңбекақы) **27 %** төленуі қажетті.



АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттары бойынша ағымдағы сыйлықақыны төлеу барысында ай сайынғы төленіп отырған сыйлықақының мөлшері **4-5 %** төмен болуы тиісті. АҚ басқарма шешімімен ай сайын қызметкерлерге **31,9 %** орташа мөлшерде сыйақы төленуде. Осыған орай ай сайын **174 912 мың** теңге мөлшерінде қосымша сыйақы төленуде.

2016 жыл бойынша салыстырмалы түрде орташа айлық жалақы мөлшері, мың.тг



2016 жылы барлық шығындар 359 млрд-ты құрады. Оның 88 млрд. теңгесі салықтар мен төлемдер, 57 млрд. теңгесі тасымалдау шығындары, 139 млрд. теңгесі мұнай өндіру шығындары, 63 млрд. теңгесі күрделі салымдар, қалғаны әкімшілік шығындар және басқалар.

Алдағы жылдары да мекеме шығыны тек өседі. Биыл 497 млрд. теңге, келесі жылы 495 млрд. теңге, 2019 жылы 540 млрд. теңге, 2020 жылы 582 млрд. теңге, 2021 жылы 596 млрд. теңгені құрайды.

Компания мұнай өндіруте, жалақы төлеуге, әлеуметтік пакетті сақтауға тағы сол секілді басқа да шығындарды қысқартып отырған жоқ.

«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің табыс жақсы. Оған Маңғыстау облысы бойынша орташа айлық жалақының мөлшерінің көрсеткіштері дәлел. Атап айтар болсақ, Маңғыстау облысы бойынша орташа жалақы 274 мың теңгені құрайды, бұл көрсеткіш Жаңаөзен қаласы бойынша 339 мың теңге. «Теңге»БК» ЖШС-і, «ЕмирОйл» ЖШС-і, «ТасболатОйл» ЖШС-і, «Бозашы оперейтинг» ЖШС-і бойынша орташа жалақы 192 мың мен 472 мың теңгенің аралығында. Ал «ӨМГ» АҚ бойынша орташа айлық жалақы 636 мың теңге.

Мұнай нарығындағы қиындыққа қарамастан біз алдағы жылдары еңбекақыны төмендетуді жоспарлап отырған жоқпыз. Біздің 2018 жылға жасаған бюджет жобасында еңбекақыға деген шығындарымыз мүлде қысқартылмады.

Еңбекақы төлеу бойынша соңғы уақытта шешімін тапқан өзекті мәселелер де бар. Ұнғымалардың ашық сағасында жұмыс жасайтын жұмысшылардың кезекті еңбек демалыстарына қосымша 12 күн белгілеу ұсынылды. «ҚМГ»БӨ» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиевтің бастамасымен бұл мәселе оңтайлы шешімін тапты. 01.01.2017 жылдан бастап скважиналардың ашық сағасында жерасты жабдықтарын жөндеумен айналысатын операторлардың еңбек күніне 12 күн қосылды.

Ай сайынғы мұнай өндіру жоспарының орындалмауына сәйкес Қоғамға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне берілетін ағымдағы сыйақы мұнай өндіру көлеміне тепе-тең мөлшеріндегі төлем жүргізіледі. Бірақ Ереже бойынша айлық тарифтің (лауазымдық еңбекақы) 27%-ы төленуі керек. Қорыта айтқанда, өндірістік жоспардың орындалмай отырғанына қарамастан мұнайшыларға ай сайынғы сыйақыны жоғары мөлшердеме төлеп келеміз.


Мұнай бағамдары әлемдік нарыққа тәуелді болса, компанияның барлық шығындарын жабу үшін мұнай баррелінің құны кемінде 60 долларды құрауы қажет. Өкінішке орай, 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында бұл көрсеткіш төмен болып отыр. 2016 жылдың қорытындысы бойынша орташа мұнай бағамы 44 долларды құрады, компанияның қаржылық есебі бойынша таза ақша ағымы 34 млрд. теңгені құрады. Сондықтан біз ауызбіршілік танытып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, мұнай өндіру көлемін орындауымыз керек. Шығындарды мұнай өндіру есебінен жабудан өзге жол жоқ.



Орташа айлық жалақы	2016 ж. (нақты)
Мангистау облысы бойынша	274
Жанаозен қаласы бойынша	339
«Өзенмұнайгаз» АҚ	636
«СП Тенге» ЖШС	192
«Емир ойл» ЖШС	306
«Тасболат ойл» ЖШС	394
«Бузачи оперейтинг» ЖШС	472



Ұжымдық шарт бойынша жыл сайынғы бюджеттің орындалысы және 2018 жылдың жобасы



Оның ішінде:

№	Бап	Өлшем бірлігі	2014		2015		2016		2017		2017	
			нақты		нақты		нақты		жоспар		нақты	
			саны	сомма, мыңтг.	саны	сомма, мыңтг.	саны	сомма, мыңтг.	саны	сомма, мыңтг.	саны	сомма, мыңтг.
9.16	Шипажайларға жолдамамен қамтамасыз ету	жолдама	2 500	288 000	2 500	288 000	2 500	284 000	2 500	322 000	1 242	160 000
9.3	Арнайы тамақпен қамтамасыз ету			1 801 929		1 922 483		2 002 895		2 137 298		1 157 264
9.13	Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру	адам	9 579	734 906	9 558	662 369	9 359	648 578	9 380	650 034	9 380	585 030
9.17	Қызметкерлердің балалары үшін жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру	адам	3 684	631 624	3 429	753 283	5 147	683 854	4 835	753 866	4 835	753 866
9.21	Операция шығындарын өтеуге берілетін материалдық көмектер	адам	220	86 000	195	82 000	223	81 000		99 000	83	34 000

№40 Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт негізінде Жаңаөзен қаласы және Қарақия ауданының инфрақұрылымын дамытуға қаражат бөлу, мың тг.

2014 жылы	900 000
Тенге селосында автомобиль жолдарының құрылысы	636 560
Жаңаөзен қаласында автомобиль жолдарының құрылысы	113 440
Жетібай селосында су іркіші және суағар құрылысы	150 000
2015 жылы	900 000
Құланды селосындағы автомобиль жолдарын кеңейту	433 000
Жаңаөзен қаласының "Шаңырақ" шағын ауданының ауалары ішіндегі көшелерді абаттандыру	117 000
Жаңаөзен қаласының тұрғындарын жұмыс орнымен қамту	200 000
Қарақия ауданының автомобиль жолдарын орташа жөндеу	150 000
2016 жылы	900 000
Жаңаөзен қаласындағы Мұнайлы шағын ауданы автомобиль жолдарының құрылысы	42 271
Жаңаөзен қаласындағы Бостандық шағын ауданы автомобиль жолдарының құрылысы	106 479
Жаңаөзен қаласындағы Жұлдыз шағын ауданы автомобиль жолдарының құрылысы	138 447
"Кендірлі" аумағында қала тұрғындарына арналған ашық жағажай құрылысы	262 803
Жаңаөзен қаласының тұрғындарын жұмыс орнымен қамту	200 000
Құрық ауылындағы туберкулез ауруханасының ғимаратын қайта құрылымдау	115 806
Қарақия ауданының Бостан селосындағы автомобиль жолдарын орташа жөндеу	34 194
2017 жылы	900 000
Әлеуметтік аз қамтылған, бюджеттік сала қызметкерлеріне, тұлдыр жетімдерге пәтер сатып алу	463 800
Жаңаөзен қаласындағы денсаулық сақтау саласына санитарлық автокөліктер және полиция қызметіне қызметтік көліктер сатып алу	86 200
Жаңаөзен қаласының тұрғындарын жұмыс орнымен қамту	200 000
Қарақия ауданының Жетібай селосында жаңа шағын аудандардың автомобиль жолдарын салу	150 000

Ескертпе: №40 Келісімшарт негізінде бөлінетін қаражаттың жалпы соммасы 900 млн.тенге, соның ішінде: Жаңаөзен қаласына 750 млн.тенге және Қарақия ауданына 150 млн.тенге беріледі.

2017 жылы "Өзенмұнайгаз" АҚ бойынша салынған әлеуметтік нысандар

№	Нысан атауы	Мөлшері	Саны	Бағасы, мың.тенге	Мердігер мекеме	Ескертпе
1	№ 1,2 МГӨБ асханаларының жаңарту құрылысы	нысан	2	270 000,00	«АқтауОйлМаш» ЖШС	Қолданысқа берілді.
2	№1 МГӨБ ТҚ-4, ШСС-3а ТШК құрылысы	нысан	2	70 324,94	«АқтауОйлМаш» ЖШС	Қолданысқа берілді.
3	№1 МГӨБ ӨҚКЦ (БПО) ЭТК (АБК) құрылысы	нысан	1	124 086,00	«АқтауОйлМаш» ЖШС	Құрылыс аяқталуда.
Барлық соммасы			4	464 410,94		



Кендірлі д/о жатақхана асханасы



МГӨБ №1 ТҚ№4 ТШК



№2 асхана

«Өзенмұнайгаз» АҚ – Қазақстандағы өз қызметкерлерін әлеуметтік пакетпен қамтып, жақсы жағдай жасап отырған мекеме.

Ұжымдық шарттағы міндеттемелерімізді орындау үшін Қоғам бюджетінен елеулі қаржы жұмсап отырмыз. Мәселен, 2013 жылы 8 млрд. 740 млн. теңге қарастырылса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 12 млрд. 418 млн. теңгені құрап отыр. Әлеуметтік көмекке бөлінген қаражат өспесе азайған емес. Оның ішіне шипажайларға жолдамамен, арнайы тамақпен қамтамасыз ету, қызметкер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, қызметкерлердің балалары үшін жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру, операция шығындарын өтеуге берілетін материалдық көмектер мен тағы да басқа көптеген әлеуметтік жеңілдіктер кіреді.

Соңғы жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ-ына қарасты барлық басқармаларда әлеуметтік нысандар салу, еңбек жағдайын жақсарту жұмыстары өте қарқынды жүрді. Біз қаржылық қиындықтарға қарамастан осы жылы да бірқатар әлеуметтік нысандарды салумен шұғылданып отырмыз. Атап айтқанда, №1, 2 МГӨБ асханалары жаңартылды. №1 МГӨБ қарасты №4 топтық қондырғыда, №3а шоғырландырылған сораптар станциясының тұрмыстық-шаруашылық кешені жаңадан салынып, пайдалануға берілді. №1 МГӨБ қарасты Өндірістік қызмет көрсету цехінің әкімшілік-тұрмыстық кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Әлеуметтік нысандарды жаңарту мен қайта салу үшін 2017 жылы 464 410 000 теңге қаржы жұмсадық.

№40 Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарт негізінде Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының инфрақұрылымын дамытуға 900 млн. теңге жыл сайын беріледі.

Бұл қаржыға Жаңаөзен қаласы мен Қарақия аудандарында жолдар салынды, шағын аудан іші асфальттанып, абаттандырылды, мәдениет үйлері мен балабақшалар салынды. 2016 жылдың өзінде аталған қаражатқа Жаңаөзен қаласындағы «Мұнайлы», «Бостандық», «Жұлдыз» шағынаудандарының жолдары салынды, «Кендірлі» жағалауынан қала тұрғындары үшін жағажай пайдалануға берілді, Құрық аулындағы аурухана қайта құрылымдаудан өтті, Бостан селосында автомобиль жолдары орташа жөндеуден өтті. 2017 жылы да халық игілігі үшін бірқатар жұмыстар іске асуда.



АСА МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Аса маңызды стратегиялық жобаларды іске асыру – келешекке жасалған сенімді қадам. Біз ағымдағы жұмыстарды сауатты іске асырумен қатар Компанияның жарқын болашағын қалыптастырумен шұғылдануымыз керек.

Қазіргі таңда бұрғылаудан кейін пайдалануға берілген скважиналардың өнім беру тиімділігі жоспарлағанымыздай болмай отыр. Мамандар қолындағы картаға, басқа да көрсеткіштерге сүйеніп, есептеп, бұрғылау орнын белгілейді. Нәтижесі, жоғарыда айтқандай тиімсіз болып отыр. Ал әрбір жаңа скважинаны бұрғылауға шамамен 250 млн. теңге ақша жұмсаймыз. Мұндай аса көп қаржыға бұрғылау жүргізген соң оның өзін-өзі ақтауы, пайда әкелуі мейлінше тиімді болуы керек.

Сондықтан геологиялық қорды нақтылау жұмыстарын жүргіземіз. Жоба аясында скважиналарға жасалатын геофизикалық зерттеулердің (СГЗ) интерпретациясының бірыңғай жүйесін жасақтаймыз, сынамалы телім бойынша қайта интерпретациялау, барлауға дейінгі бағдарлама жасақтау, геофизикалық тәсілдермен анықталған есепте жоқ қабаттарды сынау жұмыстары іске асады.

- Геология барлау жұмыстары
- Геологиялық қорды нақтылау (жаңа әдістеме бойынша есептеме)
- Қабат қысымын сақтау жүйесінде қолданылатын суды дайындау
- Химияландыру арқылы қиыншылықтармен күрес
- Мұнайды судан алдын алу айыру жүйелерін жаңарту
- Автокөлік пен арнайы техникаларды жаңалау және 1000 орындық автосервис орталығының құрылысын жалғастыру
- Скважиналардың жөндеу аралық кезеңді ұзарту стратегиясы
- Автономды газды турбиналық энергостанциясы
- Автоматтандыру жүйелерін жаңарту

ГЕОЛОГИЯ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

№3579 келісімшарт статусы:

Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы «ҚМГ» БӨ» АҚ-дан «ӨМГ» АҚ-ға берілуіне байланысты № 5 (11.04. 2017 ж.)

Қолданыстағы жобалау құжаты – «№2 Толықтыру Өзен-Қарамандыбас кен орындарының іргелес аумағында іздеу жұмыстары жобасына алдын-ала ҚОӘБ».

Келісімшарт бойынша жұмыс бағдарламасында орындалғаны:

- 2016-2017 жж. – көлемі 550 шаршы км. далалық сейсмикалық барлау жұмыстары.
- 2017 жылы қазіргі уақытта өңдеу және түсіндіру жұмыстары жүргізілуде (ЖШС «Professional Geo Solutions Kazakstan»):




Уақытша өңдеу аймақтарындағы жұмыстар орындалды;

Тереңдік өңдеу аймақтарындағы жұмыстар жүргізілуде.

Сейсмикалық деректерді өңдеу және интерпретацияның нәтижесіне орай барлау, ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары жоспарланып отыр:

2018 жылы PZ-1 6 000 метрге қазу жоспарлануда

2019 жылы TR-1 3 500 метрге қазу жоспарлануда



Геологиялық қорды нақтылау


Мақсат	Шешім	Нәтиже
<ul style="list-style-type: none"> Барлық қабат бойынша геологиялық қорды анықтау Геологиялық модельді қалыптастыру үшін скважиналарға жасалатын геофизикалық зерттеулердің (СГЗ) жаңа тәсіл-мәліметтерін ескеру. Геологиялық модельді нақтылау мақсатында геофизикалық зерттеулерді дамыту. 	<ul style="list-style-type: none"> СГЗ интерпретациясының бірыңғай жүйесін жасақтау (СГЗ сапасын жақсарту үшін бұрғылау жұмыстарын ескеру). Сынамалы телім бойынша қайта интерпретациялау (блок 3) Барлауға дейінгі бағдарлама жасақтау Геология – технологиялық шараларды жүргізу (геофизикалық тәсілдермен анықталған есепте жоқ қабаттарды сынау) 	<ul style="list-style-type: none"> Геологиялық қордың өсуіне болжам Бұрғыланатын скважиналардың тиімділігін жақсарту (қосымша мұнай өнімі) Геологиялық модельді қордың бекітілген қормен айырмашылығы

Қабат қысымын сақтау жүйесіне арналған суды дайындау



Shell компаниясының Бонга (Нигерия) кен орнындағы су дайындау бойынша тәжірибесі: КВЧ мөлшерін азайту үшін көп сатылы сүзгіш қондырғысы H₂S өңдеу – нитрат кальций немесе бактерицид айдау O₂ өңдеу (Oxyscarb) немесе аэратор (Minox) қолдану Гипохлорит генераторы Су сапасын, зерттеулерді және т.с.с. техникалық қадағалау.


Бекітілген қор мен геологиялық модель бойынша есептелген қор




Химияландыру арқылы қиыншылықтармен күрес

Мақсат	Шешім	Нәтиже
<ul style="list-style-type: none"> Қабат қысымын сақтау (ҚКС) жүйесіне арналған судың сапасын ұтымды жақсарту: механикалық қоспалар H₂S и CO₂ себебінен коррозияға ұшырау бактериялар судағы мұнай 	<ul style="list-style-type: none"> Су көзін таңдау (жобалық-іздістіру жұмыстары (ПИР)) ҚКС жүйесіне бактерицид қосу, өндіру скважиналарына ингибитор айдау Оттегіні жою (ОПИ) Бактерияларды бақылау бағдарламасы Тиімді ингибитор мен бактерицид таңдау арқылы сульфат-түзгіш бактериялармен (СВБ) күрес 	<ul style="list-style-type: none"> Келешекте кәсіпшіліктерде мұнай өндіруді ұлғайту Құбырлардың өткізгіштік қасиеттерін сақтап қалу Коррозияны азайту Су айдау скважиналарының қабылдағыштығын оңтайландыру


Сағалық дозаторларды қолдану динамикасы*



Скважиналарға ингибитор айдау нәтижесінде ЖАК көбею дәрежесі*



Shell компаниясының стратегиясы






Мұнайды судан алдын ала айыру цехтарын қайта жаңғырту

Максат	Шешім	Нәтиже
№1,2 Мұнайды судан алдын ала айыру цехтарын қайта жаңғырту	<ul style="list-style-type: none"> №1,2 мұнайды судан алдын ала айыру цехтарын қайта жаңғырту-инфрақұрылымының (өткізу қабілеті қуатын 30% пайызға (2031 ж. дейін) және 25% 2031ж. кейін) арттыру Бірінші кезекте МСАААҚ-2 жаңғырту Тиімді деэмульгатор таңдау үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын атқару 	<ul style="list-style-type: none"> Апаттық жағдаймен және онымен байланысты – өндірілген мұнайды жоғалту тәуекелін төмендету Мұнайды судан айыру процессін жетілдіру

Қабатқа су айдау екпіні



Өзен мен Қарамандыбас кенорындарында сейсмикалық деректерді өңдеу және интерпретация жұмыстарының нәтижесіне қарай бұрғылау жұмыстары жоспарланып отыр.

Қабат қысымын сақтау жүйесі Өзен кенорындағы бас ауруға айналған басты мәселелердің бірі. Қабатқа 50 жылдан бері теңіз суын айдап келеміз. Сапасыз судың салдарынан қабат өнімділігі төмендеді. Тұздың тұнуы, қабаттың қышқылдануы, коррозия өндірістегі үлкен проблемалық сұрақтар тудырып отыр. Жерасты жабдықтары – сораптардың, құбырлардың, шыбықтардың көпке ұзамай пайдадан қалуының негізгі себептерінің бірі болып тұр.

Қабатқа айдайтын судың сапасын жақсарту үшін химияландыруға күш салғмыз келеді. Су көзін таңдау, қабат қысымын сақтау жүйесіне бактерицид қосу, өндіру скважиналарына ингибитор айдау, оттегіні жою, бактерияларды бақылау бағдарламасы, тиімді ингибитор мен бактерицид таңдау арқылы сульфат-түзгіш бактериялармен күресу тағы сол секілді күрделі де жауапты жұмыстарды жүргіземіз.

Біз бұл бағыттағы жұмыстарда шетелдіктердің тәжірибесі мен кеңесіне де жүгініп отырмыз. И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай газ институтының профессорларына иек артамыз, Шелл және Елі компанияларының мамандарын шақыртып, өзара тәжірибе алмасамыз.

Мұнайдан суды алдын ала айыру цехтары салынғалы бері жаңалау жұмыстарын көрген жоқ. Қазіргі таңда №1 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехы 11%, №2 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехы 21% жобалық қуатынан жоғары сұйықтықпен жұмыс істеп тұр. Мұндай қарқынмен әрі қарай жұмыс істей беру мүмкін емес. Сондықтан, тиімді деэмульгатор таңдау үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын атқаруды, инфрақұрылымды реттеуді қолға аламыз. Ең бірінші кезекте №2 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехының жаңғыруын жоспарлап отырмыз.

Скважиналардың жерасты жабдықтарының жөндеу аралық кезеңін ұзарту да негізгі стратегиялық жобаларымызды бірі. Біз мұны сағы-сағымен іске асырамыз. 2020 жылы жөндеу аралық кезеңді 200 тәулікке, 2021 жылы 250 тәулікке, 2023 жылы 400 тәулікке, 2025 жылы 600 тәулікке жеткізіміз келеді.

Компаниядағы автопаркте жаңарту кезек күттірмейтін істің бірі. Қазіргі таңда Қоғамға қарасты 1471 бірлік арнайы көліктің 35,8 % ескірген. Алайда барлық техникаларды жаңарту бір жылдың шеңберіне сыймайтындықтан, 2016-2020 жылдар аралығында жаңартуды көздеп, бес жылдық мерзімді қажет ететін жоспарды бекітіп отырмыз.

2016 жылдың соңына таман 50 арнайы техника келді, осы жылы 124 бірлік техника аламыз. Осылайша ақырындап автопаркте жаңарту жоспары бар. 2016-2020 жылдары аралығында 646 арнайы техника жаңадан сатып алынады деп жоспарланып отыр.


1000 арнайы техникаға қызмет көрсету орталығын салу туралы бастама бірнеше жыл бұрын басталған болатын. Алайда, қаржы дағдарысына орай жоба кейінге шегерілді. Біз қаржы көзін қарастырып, жобаны әрі қарай жалғастыруды көздеп отырмыз. Автопарк ахуалын жақсарту үшін аталған орталықтың елеулі ықпалы болады есептеймін.

Өндірісті электрэнергиясымен қамту қазіргі таңға дейін өзекті болып келеді. Өзен, Қарамандыбас кенорында тоқ таратушы мекеменің және біздің де жабдықтарымыз мидай араласып жатыр және олардың басым бөлігі ескірген. Ауа-райының құбылуына байланысты жауынды-шашынды күндері тоқтың сөніп қалуы салдарынан тербелмелі қондырғылардың жұмыс істемей қалуы қалыпты жағдайға айналып кетті. Мұның нәтижесінде мұнай өндіру көрсеткіші түсіп кетеді.

Біз қалай болғанда да сыртқы энергияның тәуелділігінен арылуымыз керек. Сол себепті, автономды газдытурбиналық энергостанцияны салуды жоспарлап отырмыз. Біз бұл бастама туралы осыған дейін де айтқан болатынбыз. Қазіргі таңда жоба «ҚМГ» ҰК» АҚ инвестициялық комитеті қарауында. 2017-2018 жылдары технико-экономикалық негіздеме жасақталып бітеді. Мұндай тәжірибе көршілес мұнай компанияларында бар және олар көңілдегідей нәтижеге қол жеткізді.

Өндірістегі өлшегіш құралдарға да назар аударатын уақыт келді. Қысым, температура, сұйықтық есептеу аспаптары ескіріп тұр. Мөлшерлеу мен парктік өнімнің арасындағы ауытқуды қысқартуымыз керек. Сол себепті, автоматтандыру жүйелерін жаңарту жалғаса береді.

МСАААҚ бойынша жобалық көрсеткішінің сұйықтықтың үлестік көрсеткішінің артықтығы



2017 жыл бойынша МСАААҚ-1 – 11%, МСАААҚ-2 21% жобалық қуатынан жоғары сұйықтықпен жұмыс жасап тұр

Автокөлік пен арнайы техникаларды жаңалау және 1000 орындық автосервис орталығының құрылысын жалғастыру

Максат	Шешім	Нәтиже
Арнайы техникаларға қызмет көрсету және диагностикалау сапасын арттыру	<ul style="list-style-type: none"> АҚ автокөлік паркін (2018-2022жж.) 646 данаға жаңарту; 1000 орынды арнайы техникаларға қызмет көрсету орталығын салу. 	<ul style="list-style-type: none"> Скважиналардың жөндеу уақытын қысқарту; Скважиналарға қызмет көрсетудің сапасын арттыру; Өндірістегі қауіпсіздікті арттыру; Қолданыстағы шығынды азайту.



Ескерту: 2017 жылы – 1 471 дана арнайы техника (олардың 527 данасы яғни 36% тозған)



Өндірістік, қаржы-экономикалық көрсеткіштеріміз жақсы емес. Біз «ҚМГ»БӨ» АҚ-ынан үнемі көмек қаржы алып, дотацияда отыра алмаймыз. Бізде нақты жоспар, жеткілікті қаражат, білімді мамандар бар. Енді тек бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бірлік көрсетіп қай-қай бағыт бойынша да төмен көрсеткіштерімізді жақсартуымыз керек. Өзеннің проблемасын ешкім сырттан келіп шешіп бермейді. Біз өзіміз ғана Өзенді өрге сүйрейміз, қиындықтан алып шығамыз.

Өзен өз тарихында барлық жағдайды бастан өткізді. Мұнайдың құлдырауы бұл бір емес, талай рет болған. Талай рет өзенмұнайгаздықтар үлкен ынтымақпен, жігермен қиындықтарды жеңе білді. Біз бірігіп бала-шағамыздың, Отанымыздың ырзық-несібісі болған Өзен кенорнын тамаша табыстарға жеткіземіз, жарқын болашағын қалыптастырамыз деп сенемін».

Скважиналардың жөндеу аралық кезеңін ұзарту стратегиясы

Мақсат	Шешім	Нәтиже
<ul style="list-style-type: none"> Скважиналардың ЖАК 600 тәулікке дейін ұзарту Тереңдік сораптарын нақты скважина бойынша таңдау 	<ul style="list-style-type: none"> ТС мен ЭОТСК таңдау мен пайдаланудың нұсқамалық құжаттарын жасақтау Жаңа және жөндеуден шыққан жабдықтарға арналған бірегей техникалық талаптар (БТТ) жасақтау 	<ul style="list-style-type: none"> Жабдықтардың істен шыққанға дейінгі және ЖАК-ты 600 тәулікке дейін ұзарту 1 текше метр скважина өнімін өндірудегі энергия шығынын 30 пайызға азайту Тендерлік комиссияның жұмысын жақсарту

Скважиналардың механикаландырылған қорының ЖАК ұзарту іс-шарасы

ЖАК – 20 тәулік 1-кезең 2020	ЖАК – 250 тәулік 2-кезең 2021	ЖАК – 400 тәулік 3-кезең 2023	ЖАК – 600 тәулік 4-кезең 2025
---------------------------------	----------------------------------	----------------------------------	----------------------------------

ТСЖ-ды (тереңдік сораптық жабдықтар) қабылдау сапасын жақсарту

Скважинаға жіберілетін ЖАЖ-ын таңдауда программалық әдістемені қолдану

Тереңдік шыбықтар тізбегін жабықтарын қолдану

Скважиналарды өңдеу және жөндеуге дайындау технологиясын сақтау регламенттерін жасақтау

Скважиналарды өңдеу сұйықтығының құрамы мен технологиясын жақсарту

Деректер мен үздік тәжірибелерді таңдау мақсатында ізденіс жұмыстарын жүргізу

Химиялық ингибиторларды қолдану ЖАЖЖИДЦ-ын жаңарту

Тереңдік сораптар ауызында сүзгіштер қолдану

Скважиналарды ЭОТК немесе ұзын жүрісті сораптармен пайдалану әдісіне аудару, сапалы тереңдік сораптар мен шыбықтарды пайдаланудың бірінші кезеңі

Жабдықтарды (сораптар, шыбықтар, СҚК, сүзгіштер, айырғыштар, қозғалтқыштар) кен орынды пайдалану жағдайына байланысты таңдау және қолдану

Мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру

Өндірісті ұйымдастырудың бизнес процесін, регламенттерді бейімдеу және ISO мен бірегей технологиялық талаптарды (БТТ) енгізуді жаңғырту

Скважиналарды ЭОТК немесе ұзынжүрісті сораптармен пайдалану әдісіне аудару, сапалы тереңдік сораптар мен шыбықтарды пайдаланудың екінші кезеңі

Скважиналардың ЖАК-ын ұзарту үшін арнаулы программалық әдістемелерін енгізу

Қазіргі таңда ЖАК – 131 күн

Автоматтандыру жүйелерін жаңарту

№1 МГӨБ ТҚ мен МГӨК-терде өндірілген сұйықтықтың барлық есептеу тораптарына кориолисті шығын өлшегіш, қысым және температура өлшегіштер қондыру қарастырылып отыр. Қазіргі кезде ТҚ мен МГӨК-терде мұнайды жедел есеп торабында (МЖЕТ) өндірілген сұйықтық шығыны НОРД-80/100 және НОРД-200 турбиналық шығын өлшегіштермен бақыланады.

ТҚ мен МГӨК-терде МЖЕТ-тарындағы мұнай есептеу тораптары жаңартылған соң, өндірілген сұйықтықтың массалық және көлемдік шығынын, жанама әдіспен анықталатын сулылығын, тығыздығын, қысым және температура мөлшерлерін анықталып, сонымен қатар ҚР СТ РК 2.151-2008 «Жер қойнауынан алынатын мұнай мен мұнайлы газдың мөлшерін өлшеу» стандарт талаптары сақталып, сонымен қатар мөлшерлеу және парктік өнімнің арасындағы ауытқушылықты азайтылады.

ТҚ-61МЖЕТ




МГӨК-2 және МГӨК-7 МЖЕТ



Автономды газды турбиналық энергостанциясы

Атқарылатын жұмыстар	
1	2015 жылы қазан - желтоқсан айында "ӨМГ" АҚ мамандары жұмыс істейтін нысандарға және қуат электр станциясы мен өндірушілер заводтарына бағытталды.
2	16 мамырда Астана қаласында «Қазмұнайгаз» ҰҚ АҚ Мыңбаев С.М. төрағалығымен инвестициялық комитет отырысы өтті. Инвестициялық комитет мүшелерінің «Қазмұнайгаз» ұсынған материалды қарастырып назарға алу шешімін қабылдады.



Жоспарланған жұмыстар	
1	Жаңаөзен қаласы әкімдігі мен АО «ҚТГА» келісімнен кейін облыс әкімдігінің басшылығымен үйлестіруді жоспарлануда.
2	2016 жылы тамыз айында келісім жоспарлануда (қорғаныс) «ҚМГ» БӨ АҚ инвестициялық комитет ТЭЕ бойынша, ЭМ қаржыландыру және технология таңдау.
3	2016 жылы қыркүйек айында келісім (қорғаныс) «ҚМГ» БӨ АҚ инвестициялық комитетпен.

Жұмыс процесінде	
Технико-экономикалық негіздеме жасақтау ашық тендерге шығарылады. 2017-2018 жылдарында технико-экономикалық негіздеме жасақталып бітеді.	